МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

«Торайғыров университеті» КеАҚ қызметкерлеріне арналған жадынама

Мүдделер қақтығысы дегеніміз не

Мүдделер қақтығысы – қызметкердің жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте жеке мүдделілік қызметтік міндеттердің объективті орындалуына әсер етуі мүмкін.

Әдеттегі жағдайлар:

- басшы бағыныштысының туысы болып табылады;
- бағынышты қызметкер басшының туысы болып табылады.

Жеке мүдделілік туыстары немесе жақын адамдары үшін пайда алуды – мансаптық және өзге де артықшылықтарды, мүліктік пайданы (ақша, мүлік, жеңілдіктер) қамтиды.

Нормативтік негіз

Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі талаптар мынадай құжаттарда бекітілген:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- «Торайғыров университеті» КеАҚ Корпоративтік әдеп кодексі;
- «Торайғыров университеті» КеАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты.

Қызметкердің міндеті

ҚР заңына сәйкес қызметкер:

- туындаған немесе туындауы мүмкін мүдделер қақтығысы туралы жұмыс берушіні дереу жазбаша хабардар етуге;
- қақтығыс реттелгенге дейін шешім қабылдауға қатысудан бас тартуға міндетті.

> **⚠ Мүдделер қақтығысы туралы хабарламау сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу болып саналады**

ЖОО-дағы ерекше тәуекел аймақтары

Егер жағдай «мен шешімге туысымның пайдасына ықпал ете аламын», «мен пайда ала аламын» немесе «менің шешімім объективті болмауы мүмкін» деп көрінуі мүмкін болса:

- жағдай туралы жазбаша хабарлау;
- шешім қабылдауға қатыспау;
- ресми шешімді күту қажет.

Университеттегі ең жоғары тәуекелді процестер:

- баға қою;
- сатып алулар мен тендерлер;
- жұмысқа қабылдау;
- оқу жүктемесін бөлу;
- ғылыми конкурстар және өзге де осыған ұқсас рәсімдер.

Қызметкердің іс-қимыл тәртібі

1-қадам. Жағдайды анықтау: қызметкер әріптестері, студенттер немесе мердігерлер арасында туыстарының бар-жоғын және қабылданатын шешімнен жеке пайда алу мүмкіндігінің бар-жоғын бағалайды.

2-қадам. Жазбаша хабарлама: жағдай анықталғаннан кейін дереу қызметтік хат нысанында Комплаенс қызметіне не Басқарма Төрағасы – Ректорға, не бөлімше басшысына беріледі.

3-қадам. Декларацияны толтыру: Комплаенс қызметінде мүдделер қақтығысы туралы декларацияны екі тарап та (туыс-басшы және туыс-бағынышты) толтырады.

Жұмыс берушінің іс-әрекеттері

Мүдделер қақтығысын реттеу және азайту шеңберінде жұмыс беруші:

- тікелей бағыныстылықты болдырмау мақсатында қызметкерді сабақтас бөлімшеге ауыстыруға;
- қызметкерді шешім қабылдаудан шеттетуге;
- бұзушылық анықталған кезде тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдануға құқылы.

Жауапкершілік

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүдделер қақтығысы жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін:

- тәртіптік жауапкершілік;
- әкімшілік айыппұл;
- еңбек шартын бұзу;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасалған жағдайда қылмыстық жауапкершілік қолданылуы мүмкін.

Университеттің атқарған жұмысы (2025–2026 жж.)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру шеңберінде университет мынадай шаралар қабылдады:

- Басқарма мүшелері болып табылатын екі проректордың және бір кафедра меңгерушісінің жақын туыстарымен еңбек шарттары бұзылды;
- жақын туыстарды (ата-аналарын, аға-інілерін, апа-сіңлілерін) туыстық қатынаста тұрған білім алушыларға қатысты оқытушылар және емтихан комиссияларының мүшелері етіп тағайындау болдырылмады;
- төрт кафедра меңгерушісінің жақын туыстары басқа құрылымдық бөлімшелерге ауыстырылды;
- мүдделер қақтығысы туралы декларацияларды толтыру ұйымдастырылды;

- қызметкерлерден енгізілген шектеулер жағдайында жұмыс істеуге жазбаша келісім алынды.

Заңнан үзінді

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы, 15-бап «Мүдделер қақтығысы»:

1. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға, лауазымды адамдарға, егер мүдделер қақтығысы орын алған болса, лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған адамдар мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу бойынша шаралар қабылдауға тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған адамдар тікелей басшысына не өздері жұмыс істейтін ұйымның басшылығына туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, өздеріне бұл жөнінде мәлім болысымен жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

Тікелей басшысы не ұйымның басшылығы осы баптың 1-тармағында аталған адамдардың өтініштері бойынша немесе басқа да көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу бойынша мынадай шараларды уақтылы қабылдауға:

- осы баптың 1-тармағында аталған адамдарды лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттетуге және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерді орындауды басқа адамға тапсыруға;
- лауазымдық міндеттерін өзгертуге;
- мүдделер қақтығысын жою бойынша өзге де шаралар қабылдауға міндетті.

«Торайғыров университеті» КеАҚ Әдеп жөніндегі уәкілі